

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау
министрлігі



Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрлігі

2025 жылғы «02» сәуір
№ 213

2025 жылғы «10» сәуір
№ 69

**Білім беру ұйымдарында тамақтану стандартын енгізу жөніндегі
жол картасын бекіту туралы
БІРЛЕСКЕН БҰЙРЫҚ**

«Қазақстан Республикасының Министрі, аппарат басшысы, бірінші вице-министрі және денсаулық сақтау вице-министрлері арасында міндеттерді бөлу туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 28 қыркүйектегі № 842 бұйрығының 3-бөлімі 9-тармағының 1) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 19 тамыздағы № 581 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі туралы Ереженің 15-тармағының 217) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. Осы бірлескен бұйрыққа қосымшаға сәйкес Білім беру ұйымдарында тамақтану стандартын енгізу жөніндегі жол картасы (бұдан әрі – Жол картасы) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті мен Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Инфрақұрылымдық дамыту департаменті осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оны Жол картасында айқындалған орындаушылардың назарына жеткізсін.

3. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылауды өзімізге қалдырамыз.

4. Осы бірлескен бұйрық мемлекеттік органдар басшыларының соңғысы қол қойған күннен бастап күшіне енеді.



Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау
бірінші вице-министрі
Т. Сұлтанғазиев

2025 жылғы «__» _____

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту
вице-министрі
Е. Оспан

2025 жылғы «__» _____



Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау
бірінші вице-министрінің
2025жылғы «22» сәуір

№ 413
және Қазақстан Республикасының
Оқу-ағарту вице-министрінің
2025жылғы «10» сәуір

№ 69
бірлескен бұйрыққа
қосымша

**Білім беру ұйымдарында
тамақтану стандартын енгізу жөніндегі
жол картасы**

№	Іс-шараның атауы	Аяқтау нысаны	Іске асыру мерзімдері	Жауаптылар	Қаржыландыру көздері
1.	Білім беру ұйымдарында тамақтанудың жаңа стандартының ережесі бойынша оқыту				
1.1	Білім беру ұйымдарында тамақтанудың жаңа стандартын (бұдан әрі – Тамақтану стандарты) енгізу жөніндегі ведомствоаралық жұмыс тобын құру	Ведомствоаралық жұмыс тобын құру туралы бұйрық	2025 жылғы 15 сәуірге дейін	ҚР ДСМ, ҚР ОАМ, ҚТА (келісім бойынша), ЮНИСЕФ (келісім бойынша)	Қажет емес

1.2	Тамақтану стандартының ережелерін түсіндіру бойынша семинар бағдарламасын жасау	Бұйрық, семинар бағдарламасы, қатысушылардың тізімі	2025 жылғы сәуірге дейін	15	ҚР ДСМ, ҚР ОАМ	Қажет емес
1.3	Тамақтану стандартын енгізу тетіктерін талқылау бойынша өңірлік денсаулық сақтау, білім беру басқармаларының және АД басшылары үшін Ұлттық семинар өткізу	Бұйрық, семинар бағдарламасы, қатысушылардың тізімі	2025 жылғы сәуір		ҚР ДСМ, ҚР ОАМ, ЮНИСЕФ (келісім бойынша), ҚТА (келісім бойынша)	ЮНИСЕФ қаражаты есебінен
1.4	Денсаулық сақтау басқармасының, Білім беру басқармасының, АД, мектеп әкімшілігінің жауапты мамандары (тренерлері), медицина қызметкерлері және мектепте тамақтандыру өнім берушілері үшін Тамақтану стандартының ережелерін ақпараттандыру және түсіндіру бойынша 5 өңірлік: - Астана қ., Ақмола, Қарағанды, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Павлодар және Ұлытау облыстарына; - Алматы қ., Алматы, Жетісу облыстарына; - Шығыс Қазақстан, Абай облыстарының; - Шымкент қ., Түркістан, Қызылорда, Жамбыл облыстарына; - Атырау, Маңғыстау, Батыс	Бұйрық, семинар бағдарламасы, қатысушылардың тізімі	2025 жылғы сәуір		ҚР ДСМ, ҚР ОАМ, ҚДСҰО, ҰТО, ҚТА (келісім бойынша), ЮНИСЕФ (келісім бойынша)	ЮНИСЕФ қаражаты есебінен

	Қазақстан, Ақтөбе облыстарына топтық семинар-тренингтерін өткізу.	Жаттықтырушылар тізімі				ЮНИСЕФ қаражаты есебінен
1.5	Аудандық және қалалық мамандарға каскадты әдіспен оқытуды одан әрі жүргізу үшін тренерлерді тағайындауды бақылауды қамтамасыз ету	АД, Денсаулық сақтау басқармасының, Білім беру басқармасының тренерлерімен семинар-тренингтер өткізу	2025 жылғы мамыр	ҚР ДСМ, ҚР ОАМ		ЮНИСЕФ қаражаты есебінен
1.6	Аудандық деңгейде әр мектеп бөлінісінде АД, Денсаулық сақтау басқармасының, Білім беру басқармасының тренерлерімен семинар-тренингтер өткізу	АД, Денсаулық сақтау басқармасының, Білім беру басқармасының бірлескен бұйрығымен бекітілген семинар-тренингтер кестесі	2025 жылғы мамыр	АД, Денсаулық сақтау басқармалары, Білім беру басқармалары, ҚДСҰО (келісім бойынша),		ЮНИСЕФ қаражаты есебінен
2. Жұртшылықты ақпараттандыру						
2.1	2025 жылғы 1 қыркүйектен бастап Тамақтану стандартының талаптарын сақтау туралы облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктеріне хаттар жолдау	Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктеріне хаттар	2025 жылғы тамыз	ҚР ОАМ, ҚР ДСМ, ЖАО		Қажет емес
2.2	Қол жеткізілген нәтижелер, жаңа бастамалар және одан әрі қадамдар туралы жұртшылық пен білім беру	МО ресми сайтында жариялау	2025 жылғы сәуір-мамыр	ҚР ДСМ, ҚР ОАМ		Қажет емес

	ұйымдарын хабардар ету	Веб-ресурс (сайт)	2025 жылғы 31 мамырға дейін	ЮНИСЕФ (келісім бойынша), ҚДСҰО (келісім бойынша), ҚР ДСМ, ҚР ОАМ	ЮНИСЕФ қаражаты есебінен
2.3	Дұрыс тамақтану және қолайлы орта құру үшін веб-ресурсты әзірлеу				
3.	Тегін мектеп тағамдары үшін жаңа мәзірді енгізу				
3.1	Тегін мектеп тағамдары үшін бекітілген мәзірге тамақ пен сусындардың технологиялық карталарын әзірлеу.	Өзірленген технологиялық карталар	2025 жылғы наурыз	ҚТА (келісім бойынша), ЮНИСЕФ (келісім бойынша), ҚР ДСМ, ҚР ОАМ	ЮНИСЕФ қаражаты есебінен
3.2	Ақмола облысы Бұланды ауданының пилоттық мектептерінде тестілік режимде мәзірді енгізу	Пилоттық жобаның нәтижелері туралы анықтама	2025 жылғы сәуір-мамыр	ФАО (келісім бойынша), ЮНИСЕФ (келісім бойынша), ЖАО (келісім бойынша), ҚР ДСМ, ҚР ОАМ	ЮНИСЕФ қаражаты есебінен
3.3.	Жаңа мәзір бойынша мектептегі тамақтанудың орташа құнын есептеу	Мектептегі тегін тамақтанудың белгіленген орташа құны	2025 жылғы сәуір	ЮНИСЕФ (келісім бойынша), ҚТА (келісім бойынша), ҚР ДСМ, ҚР ОАМ	ЮНИСЕФ қаражаты есебінен
3.4	«Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 320	№ 320 ҚР ҰҚ өзгерістер енгізу	2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін	ҚР ОАМ, ҚР ДСМ	Қажет емес

	Қаулысына Тамақтану стандартының талаптарына сәйкес оқушылардың/тәрбиеленушілердің тамақтану нормасы бөлігінде өзгерістер енгізу				
4.	Тамақтану стандартын енгізуді мониторингілеу				
4.1	Мектептер мен балабақшалардың Тамақтану стандартына, сондай-ақ одан әрі жақсартуды талап ететін салаларды анықтау үшін тамақтану жағдайларына сәйкестігі мен сақталуына бағалау жүргізу	Есеп	2025-2026 жылы	оқу	ҚДСҰО, ҚР ДСМ, ҚР ЖП, ЮНИСЕФ (келісім бойынша), ҰТО (келісім бойынша)
4.2	Білім беру және тәрбие ұйымдарында Тамақтану стандартын іске асыру барысында анықталған проблемалық мәселелерді ескере отырып, оны енгізу бойынша қорытындыларды көрсету	ҚР жетекшілік ететін вице-министрінің атына қызметтік жазба	2026 жылғы сәуір		ҚР ДСМ, ҚР ОАМ
					ЮНИСЕФ қаражаты есебінен
					Қажет емес

Қысқартулардың толық жазылуы:

ҚР ДСМ – Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі

ҚР ОАМ – Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі

ЖАО – Жергілікті атқарушы органдар

АД – ҚР ДСМ Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің аумақтық департаменттері

ЮНИСЕФ – Қазақстан Республикасындағы Біріккен Ұлттар Ұйымының Балалар қоры

ҚТА – «Қазақ тағамтану академиясы қоғамдық бірлестігі» ЖШС

ФАО – Біріккен Ұлттар Ұйымының Азық-түлік және ауылшаруашылық ұйымы (Food and Agriculture Organization)

ҚДСҰО – ҚР ДСМ «Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК

ҰСТО – «Ұлттық салауатты тамақтану орталығы» республикалық қоғамдық бірлестігі